

1943 жылдан
басылымда
(6202)
18 Сәуір
2026 жыл

Ел шебінде

ҚР ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНІҢ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

ОТАН САҚШУСЫ

БРАКОНЬЕРЛЕРГЕ БІРЛЕСКЕН ТОЙТАРЫС

16



ШАҒЫН
АУЫЛДАҒЫ
БӨЛІМШЕ

3



ӘУЕЖАЙ
БЕРІК
БАҚЫЛАУДА

4



ТАЛАБЫ БИИК
ЖАС ОФИЦЕР

7



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Каспий теңізінің байлығын заңсыз балық аулаушылардан қорғауды батыл әрі табандылықпен жүргізуде. 1-15 сәуір аралығында ҰҚК Шекара қызметі Маңғыстау және Атырау облыстары бойынша департаменттері Ресей Федерациясы мен Әзірбайжан Республикасының Шекара ведомстваларымен, сондай-ақ, қазақстандық бірқатар мемлекеттік органдармен бірлесіп, теңіз айдынындағы заңсыздықтарды анықтады.



Нақтырақ тоқталар болсақ, теңіз шекарашылары 21 аумақтық және ішкі су режимін бұзушылар, шекара режимін бұзушы 29 адамды, балық аулау ережелерін бұзған 1 адамды ұстап, 37 шақырымға созылған браконьерлік ау тәркіледі. 217 бекіре тұқымдас балық (808 кг), 506 жартылай тұқымды балық (970 кг) табиғи тіршілік ету ортасына жіберілді, сондай-ақ жалпы салмағы 9 кг құрайтын есірткі заттарының тасымалдануына тосқауыл қойды.

Ал заң бұзушыларға 1,9 млн теңге көлемінде айыппұл салынды. Қойылған тосқауылдың арқасында мемлекетке келтіретін 354 миллион теңге шығынның алды алынды.

Маңғыстау облысы бойынша департаментіне қарасты Жағалау күзеті басқармасының бастығы 1-рангілі капитан Талғат Төребаев өткен жылмен салыстырғанда құқыққа қарсы қызметтің төмендеуі үрдісін атап өтті.

- Теңіз бетіндегі заңсыздықтың алдын алуға бағытталған

жұмыстардың арқасында браконьерлердің қатары айтарлықтай азайғаны білінеді. Олардың белсенділігінің төмендеуіне балық аулау және теңізге шығу ережелерін сақтау бойынша ведомствоаралық бақылаудың күшеюімен бірге жергілікті халықпен жүргізілген түсіндіру жұмыстары әсер етті, - дейді Т.Төребаев.

Жедел-профилактикалық шаралар жалғасуда. Шекаралық күзет кемелері мен катерлер, шекара бөлімшелері мен техникалық бақылау постары қызметтерін күшейтілген режимде атқаруда. Лайықты бағасын беру керек, департаменттердің бөлімшелері қосымша «Бекіре-2026» кең ауқымды балық қорғау акциясына да қатысып келеді.

Капитан
А. ЖАНАЛИПОВ, «OS-ЧР».
Суреттер департаменттен.



Таңғы самал Шілікті жазығын баяу тербеп тұр. Көкжиекке көз салсаң – ұшы-қиыры жоқ кең дала, алыстан мұнартып көрінген тау сілемдері, табиғаттың өз қолымен сызылған шекарасы секілді. Бұл – тарих пен бүгінгі күн тоғысқан қасиетті өлке. Осы тыныштықтың, осы кеңістіктің әрбір сәті бір қарағанда бейбіт көрінгенімен, оның артында көзге көрінбейтін үлкен еңбек, тынымсыз қызмет жатыр.

Бұл – «Какенталды» шекара бөлімшесінің күнделікті тынысы.

Шілікті өңірі ежелден ерекше. Сақ дәуірінің үнсіз куәсіндей болған қорғандар, «Шілікті алтыны» табылған қасиетті топырақ – бәрі де бұл жердің тарихи салмағын арттыра түседі. Ал бүгінгі күні бұл өлке – ел шебінің сенімді қорғаны. Осындай маңызы зор аймақта қызмет ету – көз келген шекарашы үшін үлкен жауапкершілік.

Бөлімше аумағы – табиғаттың өз заңымен өмір сүретін кеңістік. Көктемде жасыл желекке оранып, жазда жайқалған дала, күзде алтын түске боялған алқап, ал қыста ақ қарға көмілген тыныш әлем... Бірақ табиғаттың бұл көркемдігі шекарашылардың қызметін жеңілдетпейді. Керісінше, қатаң климат, күрделі рельеф, алыста орналасқан шек – бәрі де шыдамдылық пен төзімділікті талап етеді.

Осы бір күрделі қызметтің тізгінін ұстап отырған – аға лейтенант Жексен Шыңғыс Мейрамғалиұлы.

Оның өмір жолы қарапайым ауыл баласының арманынан басталып, Отан қорғау жолындағы жауапты қызметке ұласқан. Жаркент өңірінде дүниеге келген жас офицер алғашқы білімін азаматтық салада алып, кейін тағдырын шекара қызметімен байланыстыруды жөн көреді. ҚР ҰҚК Шекара академиясында алған білімі мен тәрбиесі оны нағыз әскери маман ретінде қалыптастырды.

Қызмет жолының алғашқы қадамдарын

«Аққолқа» бөлімшесінде бастаған ол аз уақыт ішінде ұжымда өз орнын таба білді. Ұйымдастырушылық қабілеті, жауапкершілігі мен табандылығы оның әріптестері арасында беделін арттырды. Кейін «Құмбел» бөлімшесінде шыңдалып, тәжірибе жинақтаған жас офицер 2023 жылы «Какенталды» шекара бөлімшесінің бастығы болып тағайындалды.

Бөлімшенің жетістіктері де аз емес. 2025 жылы жедел-жауынгерлік және дене шынықтыру дайындығы бойынша жоғары нәтиже көрсетіп, марапатқа ие болды. 2025 жылы қорытынды тексерісте «Үздік шекара бөлімшесі» атанды. Ал спорттық жарыстарда да алдыңғы қатардан көрініп, командалық рухтың мықтылығын дәлелдеді.

Ал аға лейтенант Шыңғыс Жексен үшін бұл қызмет – тек міндет емес, өмірлік таңдау. 2024 жылы шаңырақ көтеріп, отбасын құрған ол қызмет пен жеке өмірдің арасындағы тепе-теңдікті сақтай білетін офицерлердің қатарында.

«Какенталды» шекара бөлімшесі – көзге көрінбейтін, бірақ ел қауіпсіздігінің іргесін бекітіп тұрған берік қамал. Мұнда қызмет етіп жүрген әрбір шекарашы – Отан алдындағы антына адал, сергек те сенімді сарбаз.

**Подполковник Ф. БАКЕТОВ,
«ОС-ЧР». Суретті түсірген
аға лейтенант Ш. ЖЕКСЕН.**



СЕРГЕК ҚЫЗМЕТ

ШЕКАРА ТЫНЫСЫ

Мемлекеттік шекараны қорғау – ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудің ең жауапты әрі күрделі бағыттарының бірі. Бұл бағытта тәулік бойы тынымсыз қызмет атқарып жүрген шекарашылардың еңбегі – тыныштық пен тұрақтылықтың кепілі. Түркістан облысы бойынша ҚР ҰҚК Шекара қызметі департаментіне қарасты Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасының «Жібек жолы» шекара бөлімшесі – осы міндетті абыроймен орындап келе жатқан ұжымдардың бірі.

«Жібек жолы» шекара бөлімшесінің тарихы 2001 жылдан бастау алады. Бұрын «Красный водопад» атауымен белгілі болған бөлімше бүгінде стратегиялық маңызы жоғары аймақта орналасып, мемлекеттік шекараны күзету бойынша үздіксіз қызмет атқарып келеді. Бөлімше Жібек жолы ауылдық округінде орналасып, Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы шекара шебінде маңызды бақылау аймағын қамтиды. Бөлімшенің жауапкершілік аумағы кең әрі күрделі. Ол «Жібек жолы» шекаралық бақылау бөлімінен бастап «Дербесек» елді мекеніне дейінгі аумақты, сондай-ақ «Қазығұрт» бағытындағы шекара учаскелерін қамтиды. Бұл аймақтың географиялық ерекшеліктері – өзендер, өткелдер мен табиғи кедергілер – шекарашылардан жоғары кәсібилік пен қырағылықты талап етеді. Инженерлік тұрғыдан бөлімше заманауи талаптарға сай жабдықталған. Бақылау мұнаралары, сымдық бөгеттер, бейнебақылау жүйелері және қызметтік иттер – шекараны тиімді күзетудің негізгі құралдары. Сонымен қатар автокөліктер мен арнайы техникалар шекара қызметінің жеделдігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бөлімшені аға лейтенант Архат Әсетұлы Айсанов басқарады. Ол әскери білімін ҚР ҰҚК Шекара академиясында алып, қызметтік жолын тәжірибемен шыңдаған офицер. Бұған дейін «Қызыл таң» шекара бөлімшесінде қызмет атқарып, 2025 жылдан бастап «Жібек жолы» бөлімшесінің басшысы қызметін абыроймен атқарып келеді. «Бөлімше ұжымы әрдайым жоғары дайындық деңгейінде. Қызмет

барысында тәртіп пен заңдылықты сақтауға ерекше көңіл бөлінеді. Жеке құрам арасында теріс әрекеттерге жол берілмейді», – дейді бөлімше басшылығы.

Соңғы жылдары «Жібек жолы» шекара бөлімшесі бірқатар жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Атап айтқанда: «Ең үздік инженерлік бөгеттер» номинациясы бойынша I орын; «Ең үздік қару-жарақ сақтау бөлмесі» номинациясы бойынша II орын иеленді. Бұл көрсеткіштер – ұжымның кәсібилігі мен ұйымшылдығының айқын дәлелі. Сонымен қатар бөлімше тарапынан құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп, шекара режимін бұзған бірнеше дерек дер кезінде анықталып, тиісті шаралар қабылданған.

Жергілікті атқарушы органдармен тығыз байланыс орнатқан. Тұрғындармен түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіледі. Сондай-ақ «Жас шекарашы» үйірмесі арқылы жастарға патриоттық тәрбие беру ісі де жолға қойылған. Бүгінде бұл үйірмеде 22 оқушы білім алып, Отан қорғау ісіне қызығушылық танытуда. Үйірме жұмысы жоспарлы түрде өткізіліп, түрлі тәрбиелік және мәдени іс шаралармен толықтырылып келеді.

«Жібек жолы» шекара бөлімшесінің күнделікті қызметі – көзге көрінбейтін, бірақ ел тыныштығы үшін аса маңызды еңбек. Шекара шебіндегі әрбір әскери қызметшінің сергектігі мен жауапкершілігі – мемлекет қауіпсіздігінің берік қалқаны.

**Подполковник Р. АСАДИЛОВ,
«ОС-ЧР». Суретті түсірген
кіші сержант Ж. ТУРДЫКУЛОВ.**



ШАҒЫН АУЫЛДАҒЫ БӨЛІМШЕ

Ел шетінде, кірпік қақпай күзетте тұрған күнқағарлылардың еңбегі – нағыз батылдық. Сондай айбынды шекарашыларымыздың бір қатары ҚР ҰҚК Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаментіне қарасты «Майтөбе» шекара бөлімшесінде барын бірі білсе, бірі білмес.



«Майтөбе» шекара бөлімшесінің іргетасы сонау 1974 жылы қаланған. Хромтау ауданындағы Ор өзенін бойлай созылған бұл аймақ сырт көзге тыныш көрінгенімен, мұндағы әрбір шаршы метр жер – қатаң бақылауда. Бұл тыныштықтың артында жарты ғасырлық тарих пен шекарашылардың қажырлы еңбегі жатыр.

Майтөбеден Ресей шекарасы тым алыс емес — көз ұшында тұрғандай әсер қалдырады. Арғы бетте Орынбор облысына қарасты шағын ауыл орналасқан. Екі елді мекенді Ор өзені бөліп

жатқандықтан, көктем келген сайын өзен арнасынан асып, ауылға қауіп төндіретін кездер жиі кездескен. Уақыт өте келе екі тарап тұрғындары мен шекарашылары қорғаныс шараларын күшейтіп, дамбалар тұрғызып ауыздықтаған. Содан бері табиғаттың бұл тосын мінезі біршама бақылауға алынған.

Шекаралық аймақта тек елді мекендер ғана емес, өндірістік маңызы бар нысандар да орналасқан. Атап айтқанда, осы өңірде «Ақтөбе мыс» компаниясына қарасты «Приорский» карьері мен «Аралча», «Весеннее» кен

орындары жұмыс істейді. Бұл кен орындары аймақ экономикасына серпін беріп қана қоймай, жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтуға да өз үлесін қосып отыр. Сонымен қатар, өндірістік инфрақұрылымның дамуы жол қатынасының жақсаруына ықпал етіп, шалғай ауылдардың тыныс-тіршілігін біршама жеңілдеткен.

Сонымен қатар, ауыл халқы тек өндіріс саласымен шектелмейді. Негізгі күнкөріс көзі ретінде мал шаруашылығы да кеңінен дамыған. Төрт түлік өсіріп, мал азығын дайындау — жергілікті жұрттың ата кәсібі. Осылайша, өндіріс пен дәстүрлі шаруашылықты қатар алып жүрген ауыл тұрғындары табиғатқа бейімделген өзіндік тіршілігін жалғастырып келеді.

2024 жылы қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеттің қорытындысы бойынша «Майтөбе» шекара бөлімшесі Ақтөбе облысы бойынша Шекара қызметі департаментінің үздік шекара бөлімшесі болып танылды. Ол дегеніміз, шекара бөлімшесі әскери қызметшілерінің Мемлекеттік шекараны күзетуге танытқан отансүйгіштікпен өз міндеттеріне деген адал сезімдерінің нәтижесі. Әрі, бөлімше бастығы аға лейтенант Еркебұлан Төлебаевтың жеке құраммен бірге атқарған қажырлы еңбегінің арқасында екені айдан анық.

Шекара бөлімшесінің күнделікті қызметінде әскери қызметшілермен қатар қызмет ететін қызметтік иттердің орны бөлек. Белгиялық «Рагир» мен «Тресей» овчаркалары және немістің «Тузон» есімді ізкесуші иттері — бөлімшенің



мақтанышы. Олар мемлекеттік шекара режимін бұзушыларды құрықтауда және ізге түсуде жоғары кәсібилік танытып, жүктелген міндетті мүлтіксіз орындап келеді.

«Майтөбе» шекара бөлімшесі — картада кішкентай ғана нүкте болып көрінгенімен оның шекаралық тынысы, тарихы мен адамдарының қарапайым тірлігі үлкен әңгімеге лайық. Мұнда өркениеттен алыстық сезілгенімен, адамдық байланыс пен туған жердің шекарасына деген адалдық бәрінен биік тұр.

Аға лейтенант Ж. ШАРМАКОВ, «OS-ЧР». Суреттерді түсірген аға лейтенант Е. ТӨЛЕБАЕВ.

ШЕКАРА ШЕБІНІҢ ДҮБІРІ...

Бөлімше әскери ұжым ғана емес. Сонымен қатар – темірдей тәртіп пен ғасырлардан жалғасқан атбегілік өнердің тоғысқан мекені.

Бөлімше тарихы өткен ғасырдың орта шебінен бастау алады. Сол кезеңдегі күрделі геосаяси ахуал шекара бойында сенімді күш қажет екенін көрсетті. Сөйтіп «Текелі» шекара бөлімшесі құрылды. Уақыт өте келе ол талай өзгерісті өткізіп, жаңа міндеттер жүктелген заманауи құрылымға айналды. Бір кездері «Оқу толықтыру атты әскер тобы» атанса, бүгінгі атауына үш жыл бұрын ғана ие болды. Атауы өзгергенімен, ел шекарасын күзетудегі рөлі өзгерген жоқ.

Топтың тыныс-тіршілігі, ең алдымен, оны басқарып отырған азаматтарға байланысты. Майор Ефим Бондаренко – тәртіп пен талапты ту өткен, тәжірибесі толысқан басшы. Оның әр бұйрығы – жауапкершілікке, әр ісі – жүйелілікке құрылған.

Әскери ұжымда уақыт та тәртіп заңымен жүреді. Таң атқаннан кеш батқанға дейінгі әр сағат – есептеулі. Әр пырақпен оқу-жаттығу жұмысы ай жарым уақытқа созылады. Осы кезеңде асау тайлар адамға үйреніп қана қоймай, шекарашының сенімді серігіне айналады. Алғашында үрkek, еркіндікке үйренген жас

Жер жаннаты Жетісудың асқар таулары мен әсем табиғатының құшағында орналасқан Текелі қаласында ел тыныштығын күзетуге үлес қосатын бөлімше бар. Ол – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасы Оқу-жаттығу үйрету кавалериялық тобы.



жылқылар біртіндеп жуасиды. Адамға деген сенім пайда бола бастайды.

Оларды үйрету – жай ғана жаттығу емес. Жылқыға жақындау, оны сипау, алғаш рет ер салу... Сабыр мен шеберліктің сынағы. Әр қадам үлкен жауапкершілікті талап етеді. Қатты дыбысқа селт етпей терең су мен кедергілерден тайсалмай өту – мінгі аттарының күнделікті қызметінің ажырамас бөлігі. Арнайы манежде өтетін әр жаттығу – тәжірибенің, төзімнің жемісі.

Тұлпарларды үйрету аяқталған соң, әр жылқыдан сынақ қабылданады. Арнайы құрылған комиссия олардың жаттығуын бағалап, бағасын береді. Бірі – шекара күзетіне жолдама алады, бірі – қайта шыңдалуға қалады.

Қазіргі таңда жылқы үйрінде түрлі асыл тұқымдағы айғырлар бар. Жаңа Алтай тұқымының төзімділігі, ағылшын тұқымының шапшаңдығы, қазақы жабының шыдамдылығы – бәрі бірігіп, ерекше үйлесім табады. Табиғат пен еңбектің жемісі дерсің.

Қорыта айтқанда, шекарашы мен мінгі аттары үндескен оқу-жаттығу үйрету кавалериялық тобы – тәртіп пен төзімнің мектебі. Отанға қызмет етудің үлгісі. Осында әр тұяқ дүбірі – ел тыныштығының үні. Әрбір жаттығу – шекара беріктігінің кепілі!

Подполковник М. ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР». Сурет департаменттен.



АҒЫН ТОҚТАМАЙДЫ, БАҚЫЛАУ ӘЛСІРЕМЕЙДІ



Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментіне қарасты Қордай ауданы бойынша шекара басқармасының «Қарасу» автокөліктік шекаралық бақылау бөлімі — қозғалыс пен жауапкершілік тоғысқан ерекше мекен.

Таң мен түннің арасы білінбей алмасқан сәт. Шекара бойында әлсіз жел ғана қозғалып, алыстан келе жатқан автокөліктердің жарығы қараңғылықты тіліп өтеді. Мұнда кезекшілік сағатпен емес, жауапкершілікпен есептеледі. Бір сәтке де босаңсуға болмайтын мекен. Өйткені дәл осы жерде мемлекет шебі басталып, дәл осы жерде оның беріктігі сыналады.

Жолаушылар ағыны толастамайды. Бірі асығыс, бірі сабырлы. Бірі шаршап келген, бірі үмітпен өткен. Ал солардың бәрін үнсіз бақылап тұрған шекарашылар — сырт көзге байқалмайтын, бірақ бәрін көріп тұрған жандар. Олардың жанарында — тәжірибе, әрекетінде — дәлдік.

Кейде қарапайым көрінген көліктің астарында үлкен күмән жатады. Кейде бір ғана құжат бүкіл шындықты ашып береді. Міне, осындай сәттерде шекарашының сергектігі — шешуші күш. Бір сәттік қателік — орны толмас салдарға әкелуі мүмкін. Сондықтан мұнда әр әрекет ойланып жасалады, әр шешім жауапкершілікпен қабылданады.

Сол себепті бұл ұжымның күнделікті қызметі — көзге көрінбейтін күрес. Ветеринарлық

талапсыз өткізілмек болған мал да, құжатсыз жүк те, сәйкессіз көлік те — бәрі осы жерде тоқтайды. Бұл — жай тексеріс емес, бұл — ел қауіпсіздігін көзге көрінбейтін деңгейде қорғау.

Осындай тынымсыз тіршіліктің ортасында жүрген азаматтардың еңбегі — ерекше құрметке лайық. Олар да шаршайды, олар да адам. Бірақ қызмет үстінде олардың шаршауға хақысы жоқ. Себебі олардың артында — ел сенімі тұр.

Подполковник Мұхаммед Ибрагимов бастаған ұжым мен майор Олжас Терлікбаев үйлестірген қызмет — осы сенімнің нақты көрінісі. Бұл — сөзбен емес, іспен дәлелденген жауапкершілік.

Осындай жауапты қызметті абыроймен атқарып жүрген «Қарасу» автокөліктік шекаралық бақылау бөлімінің жеке құрамына алғыс айту — парыз. Сіздердің сергектеріңіз бен табандылықтарыңыз — шекара тыныштығының кепілі.

**Капитан А. ЖЕКСЕНБИН,
«OS-ЧР». Суретті түсірген
майор О. ТЕРЛІКБАЕВ.**

ӘУЕЖАЙ БЕРІК БАҚЫЛАУДА

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаменті «Семей» шекара басқармасына қарасты «Семей» (авиациялық) шекаралық бақылау бөлімшесі — Қазақстан Республикасының әуе шекарасын қырағылықпен күзетіп отырған маңызды құрылым.

Бұл бөлімше 1995 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен құрылып, бүгінгі күні халықаралық талаптарға сай қызмет атқарып келеді. Семей әуежайының географиялық тұрғыдан ыңғайлы орналасуы, шекаралық бақылау жүйесін дамыту қажеттілігіне себеп болды. Содан бері бөлімшенің атауы мен бағыныстылығы өзгерген жоқ.

Семей әуежайындағы шекаралық бақылау жүйесінің қалыптасу кезеңдері бірнеше тарихи және өкімшілік белестерден өтті. Кеңес Одағы тұсында әскери мақсатқа бейімделген әуежай Тәуелсіздік алғаннан кейін жаңа мемлекеттік құрылым талаптарына бейімделді. 2000–2020 жылдары әуежай халықаралық мәртебеге ие болып, жаңа инфрақұрылыммен дамытылды. 2020 жылдан бастап қайта жаңғырту жұмыстары басталып, жаңа терминал құрылысы мен шекаралық бақылаудың заманауи жүйелері енгізілуде. Бұл шекаралық бақылау жүйелері паспорттық, кедендік және қауіпсіздік тексерулерінен бастап, биометриялық және электрондық сәйкестендіруге дейінгі қызметтерді қамтиды.

Бөлімшеде «Бүркіт-2» ақпараттық жүйесінің заманауи нұсқасы орнатылып, биометриялық сәйкестендіру, құжаттың түпнұсқалығын анықтау, фотосуретпен сәйкестендіру сынды мүмкіндіктер арқылы жолаушыларды дәл әрі жедел тексеру жүзеге асуда. Цифрландыру шекара қызметінің тиімділігін арттырып, адам факторына тәуелділікті азайтуға көмектесуде.

Халықаралық шекаралық бақылау бөлімшенің қызметкерлері — көп салалы дайындықтан өткен кәсіби мамандар. Олар арнайы техникалық курстар, тілдік даярлық, психологиялық дайындық және ҰҚК Шекара академиясында оқудан өтеді. Бұл салада қызмет ету тек кәсіби білімді ғана емес, үлкен жауапкершілікті, адами қасиеттер мен моральдық тұрақтылықты да талап етеді.

«Семей» (авиациялық) шекаралық бақылау бөлімшесінде қызмет ететін әскери қызметшілердің басым бөлігі — әйелдер. Олар ер азаматтармен иық тірестіре жүріп, шекара тыныштығын қамтамасыз етуде. Әйел әскери қызметшілерге тән ұстамдылық, қырағылық, ұқыптылық пен тәртіп — бөлімшенің тыныс-тіршілігінің берік іргетасы. Олар — тек сарбаз ғана емес, аналық мейірімділікті бойында сақтай отырып, мемлекет қауіпсіздігі жолында аянбай еңбек етіп жүрген тұлғалар.

Әуе қақпасындағы жұмыс тек техникалық біліктілікпен шектелмейді. Жолаушылардың мінез-құлқы, стресстік жағдайлар мен тілдік кедергілер — шекарашыны күнделікті психологиялық сынаққа салады. Осыған байланысты бөлімше ішінде арнайы тренингтер мен моральдық қолдау жүйесі қарастырылған. Мұндай даярлық — салқынқандылықты сақтап, қызмет сапасын төмендетпедің кепілі.

«Семей» (авиациялық) шекаралық бақылау бөлімшесі халықаралық ұйымдармен, басқа елдердің шекара қызметімен тәжірибе алмасуға да белсене қатысады. Бұл тәжірибе — шекара қауіпсіздігін күшейтумен қатар, Қазақстанның халықаралық



беделін нығайта түсетін маңызды тетік. Әріптестік шеңберінде үздік үлгілер мен жаңа технологиялар тәжірибеге енгізілуде.

Бөлімшеде бірқатар жаңашыл жобалар іске асырылуда. Мәселен, QR-код арқылы тіркеу, автоматты анықтау модульдері, электрондық кезек жүйесі — барлығы қызметті жедел әрі тиімді атқаруға бағытталған. Бұл өзгерістер мемлекеттік қызмет сапасын арттыруда маңызды рөл атқаруда.

кершілігін одан әрі арттыра түспек. Бүгінгі күннің шекарашысы — заман талабына сай, білімді, тәжірибелі, табанды әрі Отанға адал қызметкер. «Семей» (авиациялық) шекаралық бақылау бөлімшесі — осындай азаматтар мен азаматшалардың берік қамалына айналған.

**Аға лейтенант Е. ҚАЙРТАЙ,
«OS-ЧР». Сурет басқармадан.**

ШЕКАРАДАН – ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНА

Осы аптаның еншісіндегі жағымды жаңалықтардың бірі, өздерінің Отан алдындағы азаматтық борыштарын абыроймен атқан «Көктем-2025» шақырылымының бір топ сарбазы «Сарбаз 2.0» бағдарламасы бойынша азаматтық және әскери жоғары оқу орындарында тегін оқуға сертификат алды.



Айта кетерлігі, Қазақстанда мерзімді әскери қызметшілерге арналған «Сарбаз 2.0» бағдарламасы табысты жүзеге асырылып келеді. Еліміздің Қорғаныс министрлігі қолға алған жоба жас сарбаздардың әскери борышын өтеу кезеңін тиімді пайдаланып, олардың болашақ кәсіби бағытын айқындауға бағытталған. 2023 жылы іске қосылған бағдарлама аясында әскери қызметін абыроймен аяқтаған сарбаздарға жоғары оқу орындарына түсуге арналған арнайы сертификаттар табысталады. Бұл – жас азаматтарды қолдау әрі мемлекет тарапынан көрсетілген нақты қамқорлықтың көрінісі. Мамандардың айтуынша, бағдарлама жастардың әскери қызметке деген қызығушылығын арттырып, олардың жауапкершілік пен тәртіпке бейімделуіне оң әсер етеді.

...Осының нақты дәлелі, жақында ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша де-

партаментінің клубында 24 сарбазға сертификат тапсыру рәсімі өтті. 2025 жылдың көк-

темінде әскерге алынып, жауынгерлік-даярлық қызметінің үздігі атанған ел қорғандарына армандаған құжатты департамент бастығының міндетін уақытша атқарушы полковник Айдос Алиев тапсырды. Департамент басшысы олардың ел шебіндегі қызметтеріне алғыс айтып, алдағы өмірлеріне сәттілік тіледі.

– Бұл – жай ғана бардарлама емес, сіздерге көрсетілген сенім. Мемлекеттің жас азаматтарға артқан үміті. Әскери қызметтеріңізді адал атқарғандарыңыз үшін армандарыңызға бір қадам жақындадыңыздар. Өздеріңіз таңдаған жоғары оқу орны – жаңа мамандық, жаңа өмір, жаңа мүмкіндік, – деді, полковник А.Алиев.

...Кадрлар бөлімінің бастығы подполковник Асхат Айсағалиевтің айтуынша, бүгін сертификатқа қол жеткізген 24



сарбаздың 3-уі ҰҚК Шекара академиясында білім алады. Ал бір сарбаз Қорғаныс министрлігінің Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының курсанты атанса, оның қаруласы ИИМ академиясында оқитын болады.

Осы сәтті орайымен пайдаланған біз қатардағы жауынгер Алим Мақсұтовты сөзге тартқан едік.

– Әскери қызмет мен үшін үлкен өмір мектебі болды. «Сарбаз 2.0» бағдарламасы аясында сертификат алу – еңбегімнің нәтижесі деп білемін. Енді өзім таңдаған Қазақ Ұлттық аграрлық-зерттеу университетіне түсіп, білімімді жалғастыруды жоспарлап отырмын. Мемлекет тарапынан жасалған осындай қолдау біз сияқты жастарға үлкен мотивация береді.

Бір жағынан, өзімнің екінші туған үйіме айналып үлгерген әскери ұжымымды, қаруластарымды қимаймын. Өйткені, мен мұнда ғұмырыма жетерлік тәжірибе алдым. Өзім Жетісу облысының Текелі қаласынанмын, - деп ағынан жарылған сарбаз өткен жылдың қыркүйегінде Тілдер күніне орай, Алматы қаласындағы Достық үйінде өткен ауқымда шара кезінде Мұқағалидың «Міне, мен Отанымның шетіндемін» деген поэмасын нақышына келтіре оқығаны жадымызда.

Ал бүгін ол ел шебіндегі адал қызметі мен тәртібі үшін сертификат иесі. Осындай жастардың қатары көбейе беретініне сенімдіміз.

**Әскери журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА,
«OS-ЧР». Суреттерді
түсірген автор.**



КЛЮЧ К УСПЕХУ

Солдат срочной службы пограничного управления по Каракиянскому району ДПС КНБ по Мангистауской области Айбек Жаханбек стал обладателем образовательного гранта в рамках программы «Срочник 2.0».

Сертификат Айбеку был вручен в торжественной обстановке начальником управления подполковником Сериком Рыспековым перед строем личного состава. В своей речи офицер отметил важность стремления к знаниям и подчеркнул, что подобные достижения являются результатом дисциплины, целеустремленности и ответственного отношения к службе.

Сам военнослужащий признался, что получение гранта стало для него неожиданным, но очень важным событием. По его словам, служба помогла ему укрепить характер и поверить в собственные силы.

«Я хотел стать летчиком, поэтому выбрал Академию гражданской авиации. Теперь благодаря службе в армии моя мечта сбывается. Большое спасибо всем за оказанное доверие», – прокомментировал Айбек.

Заместитель начальника управления по воспита-

тельной, идеологической и кадровой работе подполковник Ермек Тенгебаев считает, что срочная служба открывает молодым людям новые возможности для профессионального и личного роста.

«Программа реализуется с 2023 года и предоставляет доступ к государственным грантам для солдат, успешно завершивших срочную службу. Главная цель проекта – поддержать солдат которые проявили себя в армии, и дать им шанс получить высшее образование бесплатно», – рассказал Ермек Тенгебаев.

Пожелаем Айбеку дальнейших успехов, успешно закончить учебное заведение и стать квалифицированным специалистом.

**Капитан А. ЖАНАЛИПОВ,
«OS-ЧР». Фото автора.**





Мен оқу орталығының ғимаратына кірген сәтте-ақ бұл жердің тынысы бөлек екенін сездім. Таңғы салқын ауада сап түзеген жас сарбаздардың қадамы мен пәрменге жауап берген дауысы кең алаңға ерекше серпін беріп тұр. Кеше ғана еркін өмірдің ырғағында жүрген бозбалалар бүгін жаңа ортаға келіп, талаппен ұшып, талпынып, өздерін сынап жатқандай. Бұл — «Көктем-2026» шақырылымымен келген жас буын.



ӘСКЕРИ ӨМІРГЕ АПАРАР АЛҒАШҚЫ ІЗ

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Жамбыл облысы бойынша департаментіне қарасты Қордай ауданы бойынша шекара басқармасының оқу орталығы. Мұнда әр күн — тәртіп пен жауапкершіліктің сабағы. Әлі әскери ант қабылдамаған сарбаздардың жанарында іштегі оттың ұшқыны сезіледі. Сол от — сенім бе, әлде толқу ма — бірақ ол сөнбейтіндей көрінеді.

Саптық дайындықта олардың қадамы бірте-бірте теңеліп, дауысы нық шыға бастайды. Алғашында абдыраған жүздерде енді сенім бар. Қару ұстауды үйреніп жатқан қолдарда да бұрынғыдай күмән жоқ. Әр күн оларды өзгертеді — кешегі көңіл басқа, бүгінгі көңіл басқа. Кейбірінің жүзінен майда ойдың орнына жинақылық, кейбірінен бұрын байқалмаған салмақ байқалады.

Мұнда бос сөзге орын жоқ. Әркім өз ісімен, өз міндетімен айналысады. Пайданы емес, парызы түсіне бастағандай. Ұжым ішінде бір-

лік қалыптасып, әр сарбаз өзін сол саптың бір бөлшегі ретінде сезіне бастайды.

Оқу орталығының бастығы полковник Дарын Кекіловтың талапшыл көзқарасы, орынбасары подполковник Естай Түркістанов нақты ұйымдастыруы, тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары подполковник Жандос Каженовтың бағыт-бағдары — бәрі де осы өзгерістің өзегіне айналған.

Кешкілік тыныштық орнағанда ғана күннің салмағы сезіледі. Сарбаздар бір сәтке ойға шомып, алысты — үйін, жақынын еске алады. Бірақ олардың ішінде әлсіздік жоқ. Керісінше, іштей бекінген, сабырланған күй бар.

Әлі әскери ант қабылдамағанымен, олардың бойында бір нәрсе анық қалыптасып келеді — ол жауапкершілік. Бұл — жай өзгеріс емес, бұл — қалыптасу. Ал осы оқу орталығы — сол жолдың ең алғашқы, ең маңызды белесі.

Капитан А. ЖЕКСЕНБИН,
«ОС-ЧР». Сурет басқармадан.

О ПРАВИЛАХ ПРЕБЫВАНИЯ В ПОГРАНИЧНОЙ ЗОНЕ

Государственная граница - это не только линия на карте. Это особый правовой режим, который начинается задолго до пограничного столба. И чем ближе к рубежу страны, тем строже порядок. Эти требования продиктованы не формальностью, а необходимостью обеспечения безопасности государства.



Закон Республики Казахстан «О Государственной границе» прямо определяет: на приграничных территориях устанавливается пограничная зона - пространство, где действует особый режим пребывания. Проще говоря, это территория, где привычные действия - поездка, остановка, проведение мероприятий - уже подчиняются установленным правилам.

Пограничная зона охватывает территории приграничных районов и может простирается на значительное расстояние от линии Государственной границы. Именно здесь вводится пограничный режим - порядок въезда, проживания, передвижения и ведения деятельности, закреплённый в статье 26 Закона.

Ещё строже требования в пограничной полосе в непосредственной близости к границе. В соответствии со статьёй 27 Закона это уже территория усиленного контроля, где любые действия находятся под особым надзором Пограничной службы.

Одно из базовых требований режима - наличие документов.

Находясь в пограничной зоне, гражданин обязан иметь при себе удостоверение личности и предъявлять его по требованию пограничных нарядов - это не рекомендация, а установленная законом норма.

И здесь важно понимать: за внешней простотой этого правила стоит вполне конкретная ответственность. Нарушение пограничного режима - будь то отсутствие документов или несоблюдение установленного порядка пребывания - квалифицируется уже не

как бытовая неосторожность, а как административное правонарушение, предусмотренное статьёй 510 Кодекса об административных правонарушениях.

Если пограничная зона - это режим, то пограничная полоса - это его наиболее строгая форма.

Попасть сюда без разрешения невозможно: порядок въезда, пребывания и передвижения здесь чётко регламентирован законом. Любая деятельность - от служебной до хозяйственной - требует предварительного согласования с подразделениями Пограничной службы.

Фактически это территория, где любое отклонение от установленных правил сразу выходит за рамки правового поля.

В основе всех этих норм - не запреты, а безопасность. Закон прямо определяет, что пограничный режим вводится для обеспечения надёжной охраны Государственной границы и предупреждения правонарушений.

Поэтому любое нарушение здесь - это не просто несоблюдение правил, а фактор, способный повлиять на общую обстановку в приграничной зоне.

Граница - это всегда про рубеж. Не только географический, но и правовой.

И уважение к установленным правилам это не формальность, а осознанная необходимость.

Потому что там, где начинается граница, заканчивается беспечность. И начинается порядок.

Майор Д. МУКАЖАНОВА,
«ОС-ЧР». Фото с департамента.

ШЕКАРА САҚШЫСЫ

Мемлекеттік шекараны күзету – тек әскери міндет емес, ол – ел тыныштығы мен ұлттық қауіпсіздіктің берік қалқаны. Осы жауапты қызметтің алдыңғы шебінде жүрген әрбір шекарашы – өз ісінің шебері, тәртіп пен төзімділіктің үлгісі.

Солардың бірі – ҰҚК ШҚ Түркістан облысы бойынша департаменті Төле би ауданы бойынша шекара басқармасы «Бағыс» шекара бөлімшесінің аға нұсқаушы сержант Нұржан Джамашев.

Нұржан Берікбайұлы 1987 жылы Түркістан облысы Ордабасы ауданына қарасты Жеңіс ауылында дүниеге келген. Қарапайым ауыл баласының еңбекқорлығы мен табандылығы оны ерте жастан тәртіпке, жауапкершілікке баулыды. 2006 жылы Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуге аттанды. Бұл кезең оның өміріндегі маңызды белеске айналып, болашақ әскери қызметтің негізін қалады. 2010 жылы шекара қызметіне келісімшарт негізінде қызметке қабылданып, алғашқы қызмет жолын «Абай» шекара бөлімшесінде атқаш ретінде бастады. Аз уақыт ішінде өзінің жауапкершілігі мен кәсіби қабілетін көрсете отырып, «Қақпақ» шекара бөлімшесінің қызметтік иттер тобының жетекшісі болып тағайындалды. Кейін нұсқаушы ретінде қызметін жалғастырып, қызметтік кинология саласында тәжірибе жинақтады. «Өгем» шекара бөлімшесінде аға нұсқаушы – бөлімше командирі лауазымына тағайындалуы оның кәсіби деңгейінің артқанын көрсетті. Өз ісіне адал әскери қызметші ретінде ол тек жеке құрамды басқарумен ғана емес, олардың жауынгерлік даярлығы мен моральдық-психологиялық тұрақтылығын нығайтуға ерекше көңіл бөлді.

Джамашев Нұржанның кәсіби шеберлігі түрлі жарыстарда да көрініс тапты. 2014 жылы іздеу топтары арасында өткен сайыста 1-орынды иеленіп, кейінгі жылдары да үздік нәтижелер көрсетіп, 2016-2017 жылдары екі жыл қатарынан жеңімпаз атанды. Бұл – оның тек тәжірибелі маман ғана емес, өз саласының үздігі екенін дәлелдейді. 2023-2025 жылдары Төле би ауданы бойынша шекара басқармасында үздік наряд басшысы атанып, өзінің кәсіби біліктілігін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Әскери қызметтің жауапкершілігі мен қарбалас ырғағында отбасының орны ерекше. Нұржан үш қыз, бір ұл тәрбиелеп отырған көпбалалы әке. Жолдасы – Ұлбосын Бақытжанқызы отбасындағы береке мен тәрбиенің ұйытқысы.

Аға нұсқаушы сержант Нұржан Джамашев – өз ісіне адал тәжірибесі мол, жас буынға бағыт-бағдар беретін кәсіби маман. Оның қызмет жолы – табандылықтың, тәртіптің және Отанға деген шексіз сүйіспеншіліктің үлгісі.

Подполковник Р. АСАДИЛОВ, «ОС-ЧР».
Суретті түсірген аға лейтенант Б. СЕЙДУАЛИЕВ.

ТАЛАБЫ БИІК ЖАС ОФИЦЕР

Әскери ортада әр жас офицердің алғашқы қадамы оның болашақтағы болмысын аңғартып тұрады. Бірі қызметке бейімделуге уақыт жұмсаса, енді бірі алғашқы күннен-ақ өзіне тиянақты екенін аңғартады. Осындай сенім үдесінен көрініп, белсенділігімен көзге түсіп жүрген жас офицерлердің бірі лейтенант Әділет Орымбаев деуге болады.



Ол 2025 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясын тәмамдап, Павлодар облысы бойынша департаментіне қарасты «Арлан» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары лауазымына тағайындалды. Академия қабырғасынан үлкен өмірге жолдама алып келген жас офицер аз уақыт ішінде өзіне жүктелген міндетке жауапкершілікпен қарайтын, бастамашыл шекарашы екенін көрсетіп келеді.

Жас та болса, Әділеттің бойынан офицерге тән салмақтылық пен сергектік, тәртіп пен табандылық айқын аңғарылады. Ол қызмет барысында өзін ұжыммен тіл табыса білетін, ұйымдастырушылық қабілеті бар, ортақ іске жанашырлықпен қарайтын адам ретінде танылып жүр. Тәрбие бағытына жауапты офицер үшін бұл аса маңызды қасиет деп есептеймін.

Әскери адам үшін шыныққан дене мен мықты рух бір-бірінен ажырамас ұғым. Осы тұрғыдан алғанда, лейтенант Ә.Орымбаев спорт саласында да өзінің қарым-қабілетін дәлелдей білді. Ол жақында Жамбыл облысының Қордай ауданында Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Кубогы үшін ұйымдастырылған қоян-қолтық ұрыстан өткен жарыста 57 келі салмақ дәрежесі бойынша 3-ші орынды иеленді.

Жас офицер тек жауынгерлік және спорттық қырынан ғана емес, қоғамдық жұмыстардағы белсенділігімен де ерекшеленіп келеді. Әртүрлі тағылымды іс-шаралар мен бастамаларға қатысып, өскелең ұрпақпен кездесулерде, тәрбиелік мәні бар шараларда өз белсенділігін танытып жүр. Солардың бірі оның Шарбақты ауылында өткен «Шеберлік жолы» форумына белсене қатысып, ұйымдастырушылар тарапынан грамотамен марапатталуы. Сонымен қатар, «Мектепке жол» акциясын ұйымдастырып, Сынтас ауылының бірінші сынып оқушыларына сыйлықтар табыстауы.

Бүгінгі таңда лейтенант Әділет Орымбаев болашағынан мол үміт күтіретін жас офицерлердің қатарында. Қызметке деген адалдығы, тапсырмаға тиянақты қарауы, белсенді өмірлік ұстанымы мен спорттағы жетістігі оның алдағы уақытта да абырой биігінен көрінетініне сенім ұялатады.

Майор Г. САДЫКОВА, «OS-ЧР».
Сурет отбасылық мұрағаттан.

ТЕХНИКАНЫҢ ТІЛІН МЕҢГЕРГЕН ШЕКАРА САҚШЫСЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі ШҚО бойынша департаментіне қарасты «Шемонаиха» (теміржолдық) шекаралық бақылау бөлімшесі – ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуде айрықша маңызға ие құрылымдардың бірі. Мемлекеттік шекарадан өтетін жолаушылар мен жүктер ағыны үздіксіз жүретін бұл нысанда әрбір қызметкерден кәсіби біліктілік пен жоғары жауапкершілік талап етіледі. Осындай жауапты міндеттің алдыңғы шебінде жүрген мамандардың бірі – «Бүркіт» аға технигі аға сержант Валерий Саранчин.



Валерий Александрович 1988 жылдың 1 ақпанында Семей қаласында дүниеге келген. 2006 жылы №28 орта мектепті тәмамдап, 2006-2010 жылдар аралығында Семей қаласындағы «Қайнар» университетінде «Есептік техника және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша білім алды. Еңбек жолын 2011 жылы «Семей қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде байланыс жүйесінің операторы ретінде бастаған.

2012 жылдан бастап Отан алдындағы қасиетті борышын шекара қызметінде жалғастырып келеді. Әскери қызметін 2098 әскери бөлімінде бастап, кейін «Қоянбай» және «Үбе» (автомобильдік) шекаралық бақылау бөлімшелерінде тәжірибе жинақтады. Ал 2019 жылдан бері «Шемонаиха» (теміржолдық) шекаралық бақылау бөлімшесінде «Бүркіт» аға технигі лауазымында абыройлы қызмет атқарып келеді.

Техника тілін жетік меңгерген маман үшін әрбір құрылғының ақаусыз жұмыс істеуі – басты міндет. Себебі шекарадан өтетін тұлғалар мен көлік құралдарын тіркеуге арналған «Бақылаушының мобильді автоматтандырылған жұмыс орны» сияқты арнайы техникалық құралдардың кідіріссіз жұмыс істеуі – шекара қауіпсіздігінің кепілі. Осы жауапкершілікті терең түсінген аға сержант В. Саранчин әрдайым өз білімін жетілдіріп, жаңа бағдарламалар мен жүйелерді меңгеруге ұмтылып келеді.

– «Бұл қызмет үлкен жауапкершілікті талап етеді. Кез келген техникалық ақау шекаралық бақылау процесіне кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан әрбір ұсақ-түйекке дейін мән беріп, жүйелердің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету – біздің басты міндетіміз», – дейді ол.

Техникалық жаңашылдыққа деген қызығушылығы оның қызметінде айқын көрініс табады. Мәселен, «Шемонаиха» бөлімшесінде есептен шығарылған бейнекамераларды қайта іске жаратып, өткізу пунктінде бейнебақылау жүйесін құрастыруы – оның тапқырлығы мен кәсіби шеберлігінің нақты дәлелі. Бұл бастама бөлімшенің техникалық мүмкіндігін арттырып, бақылау сапасын жақсартуға ықпал етті.

Спорт саласында да жетістіктері аз емес. Бала кезінен спортпен шұғылданған ол «дзюдо» күресінен спорт шеберіне үміткер дәрежесіне ие. Сонымен қатар, «самбо» күресінен шекарашылар арасында өткен жарыстарда жүлделі орындарға ие болып келеді. Бұл – оның тек техникалық салада ғана емес, физикалық даярлықта да жоғары деңгейде екенін көрсетеді.

Отбасында да ол – үлгілі әке, қамқор жар. Жары Надеждамен бірге қыздары Милананы тәрбиелеп отыр. Қызмет пен отбасы арасындағы тепе-теңдікті сақтай білген азамат үшін отбасының орны ерекше.

Еңбекқорлығы мен кәсіби біліктілігінің арқасында Валерий Александрович әріптестері арасында зор құрметке ие. Жас шекарашыларға бағыт-бағдар беріп, өз тәжірибесімен бөлісіп келеді. Мұндай мамандар – шекара қызметінің сенімді тірегі, ел қауіпсіздігінің кепілі.

Подполковник Ф. БАКЕТОВ, «OS-ЧР».
Сурет шекаралық бөлімшеден.

ПРИМЕР КОМАНДИРА

Пограничный контроль - это место, где всё решают детали. Один взгляд, один вопрос, одна проверка - и за этим уже стоит либо порядок, либо нарушение, которое удалось предотвратить. В большинстве своем здесь нет громких действий, но есть постоянная концентрация и ответственность за каждое принятое решение.

Путь в эту профессию редко бывает случайным. Чаще - это выбор, сделанный однажды и всерьёз. Сегодня наша беседа с начальником отделения пограничного контроля «Каракога» (автомобильное).

- Как начался ваш путь в Пограничной службе?

- Всё началось ещё в школе. Когда мой старший брат вернулся со службы в Пограничной службе, я увидел, как он изменился — стал сильнее, увереннее. Тогда я поставил перед собой цель стать офицером. Несмотря на то, что родные сначала были против, я начал готовиться и в итоге поступил в Академию Пограничной службы, которую окончил с отличием в 2016 году.

Со временем за этим выбором появились не только погоня и должность, но и реальная ответственность — за участок, за людей, за решения.

Такая служба редко бывает однообразной. Каждая смена приносит новые ситуации, в которых нет готовых шаблонов.

- Часто ли приходится действовать в условиях ограниченного времени?

- Практически ежедневно. Каждая ситуация требует законного, оперативного и грамотного решения. Но при этом важно сохранять человечность. В этом помогает опыт и знание службы.

Результаты этой работы не всегда заметны со стороны, но именно из них складывается общий порядок. Выявленные факты двойного гражданства, попытки пересечения по чужим документам, пресечённые попытки провоза запрещённых предметов, СИМ-боксов, незаконное перемещение денежных средств — за каждым таким случаем стоит внимательность конкретного сотрудника.

- Что в вашей работе является самым сложным?

- Создать сплочённый коллектив и поддерживать его на высоком уровне.

За службой всегда стоит и другая сторона - та, о которой редко говорят вслух. Дома его ждёт семья: супруга и трое детей. Дочь уже делает первые серьёзные шаги в спорте, занимает призовые места. Двое сыновей ещё совсем маленькие, но уже растут в атмосфере дисциплины и уважения к труду.

- Когда особенно остро ощущается ответственность за свою работу?

- В моменты принятия решений. Тогда особенно понимаешь, какую роль ты выполняешь.

- Что для Вас значит служба на Государственной границе?

- Это выбор тех, кому безразлично, что происходит вокруг. Кто хочет принести пользу и делать своё дело честно.

Здесь не бывает случайных успехов. Есть внимательность, опыт и умение вовремя принять решение. И этого оказывается достаточно, чтобы многое происходило правильно.

Майор Д. МУКАЖАНОВА, «OS-ЧР».
Фото из личного архива.





ҚЫЗМЕТІНЕ АДАЛ, КӨЛІГІНЕ ҰҚЫПТЫ

Қай салада болмасын адал еңбек пен тиянақты қызмет өзінің лайықты бағасын алады. Ал шекара қызметінде бұл ұғымдардың салмағы тіпті бөлек. Себебі мұндағы әрбір міндет ел тыныштығына, мемлекеттік шекараның беріктігіне қызмет етеді. Осы бір жауапты жолда 2025 жылдың қорытындысы бойынша Павлодар облысы департаментінде үздік басқарма жүргізушісі – шаруашылық қамтамасыз ету тобының аға жүргізушісі сержант Феллер Александр Александрович атанды.

Ол 1990 жылы Павлодар облысы, Шарбақты ауданының Александровка ауылында дүниеге келген. Кейіпкеріміз бала күнінен әкесінің жанында жүріп, техникаға жақын болып өскен екен.

Шекара қызметіне алғаш келгенде Александр небәрі 19 жасында еді. Еңбек жолын «Шарбақты» шекара бөлімшесінде атқыш болып бастап, кейін аға жүргізуші, аға техник секілді түрлі міндеттерді абыроймен атқарады. Жылдар өте келе шекара шебіндегі қызметтің қыр-сырын меңгеріп, өз ісінің нағыз шеберіне айналады.

Қазіргі уақытта ол басқармада 28 орындық «Урал» автокөлігін тізгіндеп, жеке құрамды тасымалдауды жүзеге асырады. Бұған дейін инженерлік-техникалық қамтамасыз ету тобымен бірге шекара шебіне шығып, қоршау құрылысына байланысты жұмыстарға да қатысқан. Қажет болған жағдайда іссапарларға жүргізуші ретінде аттанып, жүктелген тапсырманы мүлтіксіз орын-



дайды. Ал бүгіндегі оның күнделікті қызметі жеке құрамды далалық оқу орталығына жеткізу, шекара нарядтарының ауысымын тасымалдау. Сапарға шығу жоспарланбаған уақытта көлік паркінде болып, техниканың бабын жасап, оның жарамдылығын қамтамасыз етумен айналысады.

Александр сонымен қатар - көпбалалы әке. Бүгінде жарымен бірге бес бала тәрбиелеп отыр. Отбасында төрт қыз бен бір ұл өсіп келеді. «Балаларымның болашағы жарқын болуы үшін қолымнан келгеннің бәрін жасауға тырысамын», – дейді. 2022 жылы ипотекалық бағдарлама арқылы баспаналы болған кейіпкеріміз мұны шекара қызметінде тынбай еңбек етіп, адал қызмет етуіміздің арқасы деп білемін деп атап өтті.

Жұбайы балабақшада тәрбиешінің көмекшісі болып еңбек етеді. Ал бос уақытын Александр балаларымен бірге өткізіп, отбасына көңіл бөлгенді ұнатады.

Сержант Феллердің жол үстіндегі әр сапары, тізгіндеген әр темір тұлпары, межелі жеріне аман-есен жеткізген әр әскери қызметшісі – шекара қызметінің тұтас тынысымен астасып жатқан еңбек. Осындай сенімді мамандардың арқасында шекара қызметінің жұмысы бір сәтке де кідірмей, өз арнасымен жалғаса берері сөзсіз.

Майор Г. САДЫКОВА, «OS-ЧР». Суретті түсірген автор.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзету – зор жауапкершілік пен жоғары кәсібилікті талап ететін абыройлы міндет. Бұл міндетті абыроймен атқарып жүрген жауынгерлердің қатарында ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаменті Семей шекара басқармасына қарасты «Жезкент» шекаралық бақылау бөлімшесінің старшинасы ефрейтор Мейіржан Азанбеков да бар.

Азанбеков Мейіржан 1998 жылы Шығыс Қазақстан өңірінің қасиетті топырағы – Тарбағатай ауданы, Ақсуат ауылында дүниеге келген. Балалық шағы мен алғашқы білім жолы ауыл тіршілігімен тығыз байланысты болды. Ол Ақсуат өңіріндегі Қарғыба ауылында орналасқан Ю. Гагарин атындағы орта мектепте 2003–2013 жылдар аралығында білім алып, жастайынан еңбекқорлық пен жауапкершілікті бойына сіңіріп өсті.

Мектепті тәмамдаған соң, 2013 жылы Семей қаласындағы электротехникалық



ОТАНҒА АДАЛ ҚЫЗМЕТ – БАСТЫ ҰСТАНЫМ

колледжге түсіп, 2016 жылы электромонтажник және дәнекерлеуші мамандығы бойынша оқуын сәтті аяқтады. Жас маман ретінде еңбек жолын дәнекерлеуші болып бастап, адал еңбегімен көзге түсті. Алайда ел алдындағы қасиетті борышын өтеу – оның өмірлік мақсатының бірі болды.

2017 жылдың 1 сәуірінде Мейіржан Мұратбекұлы Отан алдындағы борышын өтеу үшін Алматы облысы, Ұйғыр ауданы, Шонжы ауылына аттанып, алғашқы әскери дайындықтан өтті. Кейін қызметін Райымбек ауданы, Қостөбе ауылындағы «Қостөбе» шекара заставасында жалғастырып, шекара қызметінің қыр-сырын меңгерді. Әскери тәртіп пен жауапкершілік оны нағыз шыңдалған сарбаз ретінде қалыптастырды.

2018 жылы мерзімді әскери қызметін аяқтап, елге оралған соң, туған өңірге қызмет етуді мақсат тұтқан ол Семей қаласында орналасқан 2098 әскери бөлімге қарасты «Жезкент» шекаралық бақылау бөлімшесіне кіші бақылаушы қызметіне орналасты. Қызмет барысында өзін

тәртіпті, іскер, өз ісіне адал маман ретінде көрсетіп, ұжымның сеніміне ие болды. Өз міндетін жоғары деңгейде атқарып, кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіріп отырған ол 2025 жылдың күз айынан бастап осы бөлімшеде старшина қызметіне тағайындалды.

Бүгінде Мейіржан Азанбеков – тек білікті әскери қызметші ғана емес, сонымен қатар өнегелі отбасы иесі. Ол – ардақты жар, екі ұлдың қамқор әкесі. Жұбайы Бұлбұл Жұматаева екеуі ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән беріп, отбасылық құндылықтарды жоғары ұстап келеді. Ұлдары – Марғұлан мен Хақназар әке жолын үлгі тұтып өсіп келеді.

Осындай ел қорғаны болып жүрген азаматтардың еңбегі – мемлекетіміздің тыныштығы мен қауіпсіздігінің кепілі. Мейіржан Азанбеков сынды шекарашылардың адал қызметі – жас буынға үлгі, Отанға деген шексіз сүйіспеншіліктің айқын көрінісі.

Аға лейтенант Е. ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР». Суретті түсірген автор.

ТАМ, ГДЕ НЕ ДОЛЖНО БЫТЬ ТИШИНЫ

Он служит в Департаменте Пограничной службы КНБ Республики Казахстан по Костанайской области, в пограничном отделе «Узынколь», где возглавляет группу связи.

Путь в профессию начался задолго до формы. Руслан вырос в Кызылтуском районе Кокшетауской области, учился в обычной районной школе, занимался лёгкой атлетикой больше для себя, для выносливости и дисциплины. После девятого класса выбрал практическую специальность и поступил в Кокшетауский бухгалтерско-экономический колледж на техника-программиста.

Срочную службу он проходил в войсках противовоздушной обороны. Сначала курсант школы младших специалистов, затем - боевая бригада, где он работал с координатами воздушных целей. Там он впервые почувствовал, что значит ответственность за информацию и время.

Сегодня его зона ответственности не просто техника, а вся система связи подразделения. Он контролирует оборудование, организует обслуживание, обучает подчинённых и, главное, обеспечивает бесперебойную передачу информации.

«Когда ты отвечаешь за связь, права на

в работе связиста тишина это тревожный сигнал. Если связь пропала, значит, что-то пошло не так. Поэтому у младшего сержанта Темирболатова Руслана Муратовича тишины в работе не бывает только стабильный сигнал, чёткие команды и постоянный контроль.



ошибку нет. Всё должно работать чётко и вовремя», – говорит Руслан.

Его день – это постоянная готовность к сбоем, проверка оборудования, решение задач «здесь и сейчас». В этой работе многое доведено до автоматизма: решения принимаются быстро, на основе опыта и тренировок.

Со своей супругой Ризагуль он познакомился в родном селе. Их история редкий случай: они родились в один день, 25 сентября, и познакомились тоже в день рождения.

Сегодня Ризагуль врач-педиатр Узункольской районной больницы и участница конкурса «Шекара аруы – 2026». Но для самого Руслана важнее другое – она его опора.

«Когда дома всё спокойно, служить легче. Это даёт уверенность», – признаётся он.

В их семье трое сыновей. Старшие уже школьники, младший только начинает делать первые шаги. И несмотря на службу, Руслан старается быть рядом в простых, но важных моментах.

Коллектив он называет крепкой командой, где ценятся дисциплина, взаимовыручка и ответственность. Здесь каждый понимает: результат зависит от всех.

Старший лейтенант Н. САКЕН, «OS-ЧР». Фото с семейного архива.



РЕШЕНИЕ ЗА СЕКУНДЫ: КАК ЕФРЕЙТОР ТИМУР УМЕРБЕКОВ СПАСАЛ ЛЮДЕЙ ИЗ ОГНЯ



Густой дым в подъезде, тревожные крики и считанные минуты на принятие решения именно в такой обстановке вечером 8 апреля оказался ефрейтор Тимур Умербеков. В тот момент он не был на посту и направлялся на ночное дежурство, но, увидев опасность, действовал как настоящий защитник быстро, чётко и без колебаний.

Около 18:50 часов, получив сообщение от супруги о задымлении в жилом доме по улице Элеваторной, он незамедлительно прибыл на место. Не дожидаясь прибытия экстренных служб, военнотрудовой самостоятельно вошёл в подъезд и начал эвакуацию жильцов.

Поднимаясь с первого по пятый этаж, он стучал в двери, предупреждал людей об угрозе и выводил их на улицу. В условиях плотного дыма и нарастающей опасности каждая секунда имела значение. В одной из квартир, где находился очаг возгорания, долго не открывали дверь, однако настойчивость и решительность позволили достучаться до людей.

«В такие моменты главное не растеряться. Нужно просто делать то, что должен», – говорит Тимур.

К моменту прибытия пожарных подразделений значительная часть жильцов

уже была эвакуирована. Тимур обеспечил доступ в подъезд, помог в развёртывании пожарного рукава и принял участие в отключении электроснабжения, что позволило избежать короткого замыкания и возможного повторного возгорания.

Несмотря на очевидную значимость поступка, сам военнотрудовой оценивает произошедшее сдержанно.

«Я не считаю это героизмом. В такой ситуации каждый должен помогать», – отмечает он.

Ефрейтор Тимур Умербеков проходит службу в Департаменте Пограничной службы КНБ Республики Казахстан по Костанайской области, в отделении пограничного контроля «Тобол» (железнодорожное).

Родился он 9 ноября 2000 года в Аулиекольском районе Костанайской области. Вырос в сельской местности, где

с детства приучен к труду, дисциплине и ответственности. Большое влияние на формирование его жизненных принципов оказала семья.

«С детства меня учили быть честным, держать слово и не проходить мимо чужой беды», – делится Тимур.

Получив образование в сельскохозяйственном колледже по специальности «каменщик», он осознанно выбрал военную службу, связав свою жизнь с защитой государственной границы.

Поступок Тимура Умербекова – это не случайность, а закономерный результат воспитания, внутренней дисциплины и преданности своему делу. Даже вне службы он остаётся верен главному принципу пограничника защищать и помогать.

Старший лейтенант Н. САКЕН, «ОС-ЧР». Фото из семейного архива.

АТАУЛЫ КҮН

ҒАРЫШ ШЕКАРАДАН БАСТАЛАДЫ



Жыл сайын 12 сәуірде әлемде Адамзат тарихына мәңгілік енген күн – Ғарышкерлер күні аталып өтеді. Дәл осы күні, 1961 жылы, Жер шарының алғашқы адамы Юрий Гагарин Жерді орбита бойымен айналып ұшып, жаңа дәуір – ғарышты игеру дәуірі бастау алды.

Қазақстан үшін бұл мерекенің мәні ерекше. Себебі дәл қазақ жерінде аңызға айналған Байқоңыр ғарыш айлағы орналасқан – әлемдегі алғашқы әрі ең ірі ғарыш айлағы. Осы жерден «Восток-1» кемесі ұшырылып, Гагарин жұлдыздарға жол тартты. Бүгінде Байқоңыр әлемдік ғарыш инфрақұрылымының маңызды нысандарының бірі.

Алайда ғарыш саласындағы ауқымды жетістіктердің артында көптеген қызметтердің, соның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінің тынымсыз әрі көбіне көзге көрінбейтін еңбегі тұр. Стратегиялық нысандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, шекара маңындағы аумақтарды бақылау, заңсыз кіру әрекеттерінің алдын алу – мұның барлығы ғарыш айлағы мен оған іргелес аумақтардың тұрақты жұмыс істеуінің ажырамас бөлігі.

Ғарышкерлер күні – тек ғалымдар мен инженерлердің ғана емес, сондай-ақ ғарыштық ұшырылымдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге атсалысатын барлық азаматтардың

мерекесі. Олардың қатарында мемлекеттік шекараны күзетіп тұрған әскери қызметшілер де бар. Олардың қызметі – ел қауіпсіздігі мен стратегиялық маңызды салалардың дамуына қосылған үлес.

Бүгінде Қазақстан ғарыш саласындағы өз позициясын нығайтып, халықаралық ынтымақтастықты дамытып, Байқоңыр инфрақұрылымын жаңғыртуда. Осы үдерісте Шекара қызметі ұлттық мүдделерді қорғауды қамтамасыз ететін сенімді қалқан болып қала береді.

Болашаққа сеніммен қарасақ, ғарыш қарыштап дамып келеді, технологиялар күрделене түсті, ал жауапкершілік арта түсуде. Бірақ шекараны күзететін жандар бар кезде, ел өз стратегиялық нысандары үшін алаңсыз болып, жаңа белестерге нық қадам баса алады.

Лейтенант Д. ЖАМУХАМБЕТОВ, «ОС-ЧР». Сурет ЖИ көмегімен жасалды.

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІН АРҚАЛАҒАН ЖҮРГІЗУШІ

Ел шебіндегі қызмет – тек қару асынып, шекара күзету ғана емес, бұл – әр сала мамандарының өзара үйлесімді еңбегі мен жоғары жауапкершілігінің көрінісі. Шекара шебінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісінде әрбір қызметкердің орны айрықша. Солардың қатарында ҚР ҰҚК Шекара қызметі ШҚО бойынша департаментіне қарасты Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасының шаруашылық қамтамасыз ету тобының жүргізушісі қызметші Айдын Сағдулланов.

Айдын Мұратұлы 1977 жылдың 3 ақпанында Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан қаласында дүниеге келген. Жастайынан алғыр, зерек болып, үлкендердің тәлімін бойына сіңіріп өсті. Еңбекке ерте араласып, жауапкершілікті жастайынан сезіне білді. Бұл қасиеттер оның өмір жолында берік ұстаным қалыптастырып, азамат ретінде шындалуына негіз болды.

1995-1996 жылдары мерзімді әскери қызметін абыроймен атқарып, Отан алдындағы қасиетті борышын адал орындады. Әскери ортада тәртіп пен тәзімділікке үйреніп, жауапкершілік пен батылдық қасиеттерін нығайтты. Бұл тәжірибе оның кейінгі қызметінде үлкен рөл атқарып келеді.

Бүгінде Айдын Мұратұлы жедел жәрдем көлігінің жүргізушісі ретінде аса маңызды міндет атқарады. Шекара шебінде қызмет ету жағдайы әрдайым оңай бола бермейді. Ауа райының қолайсыздығы, жолдың күрделілігі, уақыттың тығыздығы – мұның барлығы жүргізушіден жоғары кәсіби шеберлік пен сабырлылықты талап етеді. Осындай сәттерде ол шапшаң шешім қабылдап, көлікті сенімді басқарып, медицина қызметкерлерін дер кезінде қажетті орынға жеткізуді қамтамасыз етеді.

Әскери жедел жәрдем көлігінің жүргізушісі болу – тек көлік айдау ғана емес, бұл – әскери қызметшілердің өміріне жауапкершілікпен қарау. Кейде санаулы минуттардың өзі тағдыр шешетін сәтке айналады. Осындай жауапты кезеңдерде Айдын Мұратұлы өз ісіне деген адалдығы мен кәсіби біліктілігінің арқасында талай қиындықты еңсеріп келеді.

Ұжым ішінде ол қарапайым-



дылығымен, адамгершілігімен және еңбекқорлығымен ерекшеленеді. Әріптестері арасында сыйлы, сенімге ие маман ретінде танылған. Жас қызметкерлерге бағыт-бағдар беріп, тәжірибесімен бөлісіп, үлгі-өнеге көрсетіп келеді.

Ол – тек білікті маман ғана емес, сонымен қатар өнегелі отбасы иесі. Отбасында арқа сүйер әке, қамқор жар ретінде де өз орнын тапқан. Қызмет пен отбасы жауапкершілігін қатар алып жүріп, өмірдің барлық саласында тепе-теңдік сақтай білген азамат.

Өз ісін шын жүректен сүйетін Айдын Мұратұлы әрдайым қызметіне адалдық танытып, жүктелген міндетті мінсіз орындауды басты қағидасы санайды. Ел шекарасындағы тыныштық пен адам өмірінің қауіпсіздігі жолында аянбай еңбек етіп жүрген азаматқа алдағы уақытта да зор денсаулық, отбасы амандығы, еңбегіне толағай табыс тілейміз. Әр сапары сәтті, жолы әрдайым ашық болсын!

Подполковник
Ф. БАКЕТОВ, «ОС-ЧР».
Сурет шекара басқармасынан.



ТАНКІНІҢ ТҮСТІМ БІРДЕ ТАБАНЫНА



Ажалға қарсы тұру ерлік болмас,
Кей адам лепіреді-ау, ішке қонбас.
Ажалсызды бораған оқ та алмайды,
Дәм бітсе жасырынып та жаның қалмас.

Аштықтан жедік тиін, кірпікшешен,
Соғыстың бір сұмдығы, сөзіме сен.
Айқасып өлгендермен бірге жаттық,
Келдім мен сол тозақтан қалай есен?

Танкінің түстім бірде табанына,
Алла жар болар кейде адамына.
Қырық жыл қырғында да ажалды өлер,
Тірі оралдым, балалар талабына.

Бір неміспен бетпе-бет келіп қалдым,
Қазақша бірдеңе деп айғай салдым.
Жаралы жолбарыстай қарсы атылды ол,
Ажалы-ай, шүріппені басып салдым.

Жоқ болды сұм соғыста көрмегенім,
Болды олжа, тірі қалып өлмегенім.
Қырық адам бомбыдан қырылғанда,
Қиын болды бір көрге жерлегенім.

Қай соғыс өткен жанға жара салмай,
Ақ жаулықтың орнына қара салмай.
Әскер баудай қырылып екі жақтан,
Қан жұтып босатылған қала Шаулай.

Сұм пиғыл бірде-бірге шабыстырған,
Қара ниет жауласып шағыстырған.
Әйтпесе не жетпеді екі елге,
Бір-бірінен соншама алыс тұрған!

Осылай...көрдім соғыс сойқандарын,
Санамда саралап бір қайтам бәрін.
Тозақтан өзім тірі оралсам да,
Талай туыс елге тірі қайта алмады.

Мезгілсіз ажал сен де сұр жөндетсің,
Соғыстың сұрапылы ері кетсін.
Қалдырмасын соңында балалардың,
Дүниеден мезгілімен көрі өтсін.

**Ақын Сағымхан НИЯЗБЕК,
ҰОС ардагері. Ұрпақтарына мұраға
қалдырған «Аманат»
жыр жинағынан.**

«ЫСТЫҚ НҮКТЕНІҢ» ОТЫНА ШАРПЫЛҒАН...

1995 жылдың сәуірі. Осыдан тура 31 жыл бұрын Қазақстан халқын дүр сілкіндірген оқиға өткен. Тәжік-ауған шекарасында қызмет атқару кезінде Ішкі әскердің (Ұлтты ұлан-авт.) 17 жауынгері ерлікпен қаза тапты. Моджахедтермен болған күші тең емес ұрыста. Жау осал болмады. Тау соқпақтарының бірімен келе жатқан қазақстандық ротаға тұтқиылдан тиіскен моджахедтер соғыс өнеріне әбден машықтанып, ұрыстың айла-тәсілін жетік меңгерген.

Сұрапыл шайқаста ішкі әскердің жауынгерлері өздерінен 40-50 метрдей жерде тұрған көпірге бекініп алып, жауға тойтарыс беруге кіріскен. Бұл көпір – стратегиялық маңызы зор нысан болатын. Одан өтетін жолдың бірі – Калай-Хумб шекара отряды орналасқан елді мекеніне, екіншісі Душанбе қаласына апарды.

Бірнеше сағатқа созылған осы ұрыста 17 сарбаз қаза болып, 33-і жараланды. Олар соңғы деміне дейін әскери борышын адал атқарып, нағыз ерлік пен жанқиярлықтың үлгісін көрсетті.

...Содан бері жыл сайын 7 сәуір күні тәжік-ауған шекарасының ардагерлері Ұлттық ұланның облыс орталықтары мен қалалардағы әскери бөлімдерінде орнатылған ескерткіштің басына жиналып, ерлікпен қаза тапқан жауынгерлердің рухына тағзым етуді дәстүрге айналдырған. Мәрмәр тастан қашалып жасалған сондай ескерткіш ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасында да бой көтерген. Сосын да 90-шы жылдары Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің «ТМД-ның тәжік-ауған учаскесіндегі сыртқы шекарасын қорғауды күшейту туралы» 1993 жылғы 15 сәуірдегі қаулысына сәйкес, тәжік-ауған шекарасын күзетуге қатысқан офицерлер мен жауынгерлер жылдағы дәстүрге сай, бүгінде аталған шекара басқармасына келіп, батырларды еске алды.

Еске алу шарасында ҰҚК Шекара қызметі ардагерлерінің бірі, запастағы полковник Серік Жағабаев: «Бұл күн біз үшін тек қасірет қана емес, сонымен қатар ерлік, жауынгерлік бауырластық пен әскери антқа адалдықтың символы. Біз тәжік-ауған шекарасында қаһармандық пен ерліктің нағыз үлгісін танытқан жауынгерлерді ешқашан ұмытпаймыз», – деді.

Рәсімнен кейін аға буын ардагерлер бастаған шекарашылар мемориалға гүл шоқтарын қойып, тәжік-ауған шекарасының



батырларына тағзым етті. Тасқа жазылған есімдердің ішінде 1994 жылдың қыркүйегінде қаза тапқан кіші сержант Раджан Батырқанов та бар еді. Ол Күршім шекара отрядының алыстағы заставаларының бірінде қызмет атқарып жүрген жеріне, Тәжікстан жеріне өзі сұранып аттанған болатын. Өкінішке орай, шекарашының маңдайына туған жеріне кері оралу жазбапты. Ерлік пен батырлықтың шынайы үлгісіндей болып, жат елдің аумағында мәңгілікке қалып қойды.

Мен 2024 жылдың қыркүйегінде Тәжікстанның Душанбе қаласында арнайы іссапармен болып, батыр шекарашының есімі жазылған ескерткішке гүл шоқтарын қою сәтін суретке түсіріп, бұл туралы Шекара қызметінің ведомстволық басылымдарында қалам тербедім. Әрі қарай, Шекара қызметінің сардары генерал-майор Тоқтасын Бұзыбаев бастаған ардагерлермен бірге Калай-Хумб шекара отрядына барып, жергілікті елді мекен тұрғындарының шекарашыға деген зор құрметінің куәсі болдым.

Бұл – балталаса да бұзылмайтын, тіпті теңіздің асау толқындары соққыласа да өшпейтін ерлік болатын. Шекарашы Раджан Батырқанов жасаған... Сосын да 7 сәуір – әсіресе тәжік-ауған шекарасында әр жылдары қызмет атқарып, «ыстық нүктенің» қызуына шарпылған шекарашы ардагерлер үшін Ерлік күні!

**ҚР Журналистер одағының мүшесі,
әскери журналист Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.**

КАК ЗАКАЛЯЕТСЯ ТЕХНИЧЕСКИЙ ЩИТ ГРАНИЦЫ

В начале апреля на производственно-технической базе «Қазақстан Парамант Инжиниринг» в Астане не просто звучал ритм инструментов и двигателей - здесь формировалась новая культура технического мышления Пограничной службы. Учебно-методические сборы, проведенные для личного состава Управления специального назначения (УСН) и Управления ремонта техники и вооружения (УРТВ), стали не очередным пунктом плана, а живым процессом, где теория встречается с практикой, а знания – с реальной техникой.



Пять дней, с 30 марта по 3 апреля, прошли в интенсивном ритме. В аудиториях – точные схемы, формулы и алгоритмы. На площадке – массивные силуэты современных машин, готовых к испытаниям. Главные герои – бронеколесные машины Алан-2 и Барыс 6x6, символы технологического обновления и надежности.

С первого дня стало ясно: речь идет не просто об обучении, а о формировании инженерного мышления у военнослужащих. Конструкции машин разбирались буквально до винта – от кинематики движения до уровня баллистической защиты по стандартам НАТО. Участники погружались в «сердце» техники – силовые установки, трансмиссии, системы распределения мощности. Здесь не было случайных деталей – каждая функция, каждый элемент рассматривались как часть единого живого организма.

Но настоящая проверка начиналась вне учебных классов. Практика – это всегда честный разговор. Машины выходили на сложные участки: пересеченная местность, песчаные участки, холод, нагрузка. Именно здесь знания превращались в навык. Военнослужащие учились слышать технику, чувствовать её поведение, предугадывать возможные сбои.

Особое внимание уделялось диагностике. Современная техника требует не только силы, но и интеллекта. Участники осваивали методы раннего выявления неисправностей, работу с цифровыми системами контроля, анализировали данные, принимая решения в условиях ограниченного времени.

Итогом стала не просто аттестация – это был экзамен на профессиональную зрелость. Каждый участник продемонстрировал уверенное владение материалом, глубокое понимание процессов, происходящих внутри сложных механизмов. Это уровень, при котором техника становится продолжением человека.

Полученные сертификаты – не формальность. Это допуск к работе с передовыми образцами техники, ответственность за их исправность и готовность к выполнению задач.

Сегодня граница – это не только линия на карте. Это сложная система, где технологии играют ключевую роль. Проведенные сборы стали ещё одним шагом к созданию мобильной, технологичной и надёжной Пограничной службы.

**Лейтенант Д. ЖАМУХАМБЕТОВ,
«OS-ЧР». Фото предоставил
подполковник Т. Баранкулов.**



АҚТӨБЕ ШЕКАРАШЫЛАРЫ ҮЗДІК АТАНДЫ

Мемлекетіміздің шекарасын қырағы күзету — тек жоғары жауапкершілікті ғана емес, сонымен қатар темірдей тәртіп пен мінсіз физикалық дайындықты талап етеді. Шекара қызметінің жауынгерлік даярлықты арттыруға бағытталған Жамбыл облысының Қордай ауданында өткен ауқымды қоян-қолтық ұрысынан республикалық Кубок додасында Ақтөбе облысы бойынша департаментінің намысын қорғаған шекарашылар теңдессіз шеберлік танытып, ҰҚК Шекара қызметінің ең үздік командасы екенін дәлелдеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің барлық аймақтық бөлімшелерінен іріктелген 20 команда, яғни 200-ге жуық таңдаулы жауынгер боз кілемде өзара бақ сынасты. Сегіз түрлі салмақ дәрежесі бойынша өткен тартысты бәсекеде әрбір спортшы тек жеке басының абыройы үшін емес, өз өңірінің мәрежін мен әскери құрылымның беделі үшін аянып қалмады.

Жалпыкомандалық есептің қорытындысы бойынша Ақтөбе облысының командасы бәсекелестерін артқа тастап, республикалық Кубокты жеңіп алды. Күміс жүлде Жамбыл облысына бұйырса, үздік үштікті Қызылорда облысының командасы түйіндеді.

Жекелеген салмақ дәрежелері бойынша 80 келіде аға лейтенант Сауран Арапбай топ жарып бірінші орын алды. 57 келіде қатардағы жауынгер Тұрар Жәдігеров және 67 келіде қатардағы жауынгер Рахат Сейтжан қанжығаларына 2-орынды байлады. Ал, 62 келіде өнер көрсеткен лейтенант Әділбек Калмен, 97 келіден жоғары салмақ дәрежесінде қатардағы жауынгер Даурен Нуфтуллин жүлделі үшінші



орынды олжалады. Бұл нәтижелер — ұзақ уақыт бойы жүргізілген дайындық пен Отанға деген шексіз адалдықтың жемісі.

Осындай ауқымды сайыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін департамент жеке құрамы ыстық ықыласпен күтіп алды. Өз кезегінде департамент бастығы полковник Бауыржан Рысбеков жарысқа қатысқан командаға алғыс сөздерін айтып құттықтады. Артынша департамент бастығымен бірге жеңімпаздар естелік суретке түсті.

Команданың мұндай биік белесті бағындыруына тікелей септігін тигізген тәлімгерлер жауынгерлік-даярлық және әскерлер қызметі бөлімінің бастығы подполковник Нұрбол Нағашыбайұлы мен арнаулы мақсаттағы мобильді іс-қимылы бөлімшесінің офицері лейтенант Саян Ельжановтың еңбегі орасан. Осы білікті офицерлердің қажырлы еңбегі мен кәсіби бағыт-бағдары Ақтөбе шекарашыларын жеңіс тұғырына жетеледі.

Республикалық деңгейдегі бұл жетістік өзге әскери қызметшілер үшін үлкен мотивация және Отан алдындағы мінсіз қызметтің жарқын үлгісі болып қала бермек. Ақтөбелік шекарашылардың бұл жеңісі – ел шебінің сенімді қолда екенінің кезекті айғағы.

Аға лейтенант Ж. ШАРМАКОВ,
«OS-ЧР». Сурет департаменттен.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

ТРЕНИНГ

ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменттің жауынгерлік кезекшілік және ахуалдық ақпараттандыру басқармасы Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасы базасында әскери басқару органдары, сондай-ақ құқық қорғау және арнайы органдар арасындағы өзара іс-қимыл мен ақпарат алмасу мәселелеріне арналған дөңгелек үстел өткізді.



Дөңгелек үстел барысында ведомстволарлық өзара іс-қимылды жетілдіру, жедел ақпарат алмасуды тиімді ұйымдастыру, сондай-ақ төтенше және дағдарыстық жағдайларда бірлескен әрекеттерді үйлестіру мәселелері жан-жақты талқыланды.

Шараға полковник Р. Сетвалдиев жетекшілік жасады. Сонымен қатар өңірдің бірқатар күштік және мемлекеттік органдарының өкілдері қатысты. Атап айтқанда, жауынгерлік кезекшілік және ахуалдық ақпараттандыру басқармасының бастығы полковник А. Масалимов, Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының аталған бағыттағы бөлім бастығы подполковник С. Нүсіпбеков, «Қорғас» шекаралық бақылау басқармасының бөлім бастығы подполковник К. Тілдабаев.

Сонымен қатар, Жетісу облысы бойынша Төтенше жағдайлар департаменті, ҚР ИІМ

Жетісу облысы бойынша Полиция департаменті, ҚР Қарулы Күштерінің 18404 әскери бөлімі десанттық-шабуылдау бригадасы, ҚР Қарулы Күштері Әуе қорғанысы күштерінің 21751 әскери бөлімі, ҚР ИІМ Ұлттық ұланның 5514 әскери бөлімінен лауазымды тұлғалар да шақырылды.

Дөңгелек үстел қорытындысы бойынша қатысушылар өзара тәжірибе алмасып, ведомстволарлық өзара іс-қимылды одан әрі жетілдіруге бағытталған нақты ұсыныстар әзірледі. Ерекше назар жедел ақпарат алмасу тиімділігін арттыруға, іс-қимылдардың үйлесімділігін күшейтуге және құрылымдар арасындағы өзара байланысты нығайтуға аударылды.

ҚР Журналистер одағының мүшесі,
подполковник М. ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР».
Сурет шекара басқармасынан

МОРАЛЬДЫҚ РУХЫН КӨТЕРУГЕ БАҒЫТТАЛДЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасының «Ынталы» шекара бөлімшесінде әскери қызметшілердің моральдық-психологиялық жағдайын нығайтуға бағытталған маңызды іс-шара өтті.

Аталған шараны әскери психолог аға лейтенант Айқын Қажымұхан ұйымдастырды. Тренинг «Жеке құрамды моральдық-психологиялық зерделеу және аға шекара нарядтарының психологиялық дайындығы» тақырыбын қамтыды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – сарбаздардың психологиялық тұрақтылығын арттыру, қызмет барысында туындайтын түрлі қиындықтарға төтеп беру қабілетін қалыптастыру. Сондай-ақ әскери ұжымдағы өзара сенім мен бірлікті нығайту болды.

Тренинг барысында қатысушылар түрлі психологиялық жаттығулар орындап, командалық жұмыс дағдыларын жетілдіруге бағытталған тапсырмалармен жұмыс жасады. Сонымен қатар, әскери қызметтің ерекшеліктеріне байланысты туындайтын күйзеліс жағдайларын басқару, эмоционалдық тұрақтылықты сақтау және жауапты шешім қабылдау мәселелері кеңінен талқыланды.

Әскери психолог сарбаздарға қызмет барысында кездесетін психологиялық жүктемелерді дұрыс еңсеру жолдарын түсіндірді. Олардың моральдық рухын көтеруге бағытталған ұсыныстарымен бөлісті. Іс-шара барысында ашық пікір алмасу ұйымдастырылып, қатысушылар өз ойларын еркін жеткізуге мүмкіндік алды.

Осындай тренингтер әскери ұжымдағы ауызбіршілікті арттырып қана қоймай, жеке құрамның кәсіби дайындығын жетілдіруге, жауынгерлік тапсырмаларды сапалы орындауға оң ықпал етері сөзсіз.



Подполковник М. ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР».
Сурет шекара бөлімшесінен



Үйге Хат

Сәлеметсіздерме Әкем Тілеубаев Адижан және Анам Иса Жібек, Ғарғандасым Сәулет, інілерім Саят, Серік, Бейбарос, Серман, Аман. Бұл мен сіздердің ұлдарыңыз Матрос-Сұлтан Саят хат жазып отыр. Балайсыз, барлығы жақсы ма? Туған түс, көріңіздерің жағдайы қалай. Менде барлығы жақсы, міне әскерге келгеніме 1-ай болып қалды, кеше ғана туған күнім Форт-Шевченкода жүргендей едім. Бұл жақта барлығы жақсы, қатаң күн тәртібі, ерте тұру, сапалы дайындық сабақтары, мана жұпта көп нәрсеге үйрендім тәртіпке, жинақаларға мінгі тәсіл орналында дұрыс жинауға дейін үйрендім. Жарнам тоғ, денсаулығым жақсы, Әскери істің негіздерін үйреніп, бұйрақтарда дұрыс орындауға, сапалы бірлесе әрекет етуге дағдаланып жатырмыз. Жолнамалар өте жақсы, бәріміз аңыз, мүсіпті әрі сабақпен түсіндіреді. Бірдеңе мүсіпкей қалсақ, міндетті түрде көмектесіп, балалар бағдар береді. Маңа достарда талпын бір нәрсеге байлап, бір қатарда бірі адам басып, Әскердің қозғалып бірге көрсе достарға ке жетсін. Алда мені міндеттегі қозмет күтіп тұр. Қазір біз маңыдағы күнге 10-майдағы өтеміз Әскери ант қабылдау рәсіміне қозу дайындалып жатырмыз. Егер сол күні келіп, мені қозуға келсеңіздер қатты қуанар едім. Сіздерді жаңынан көрі мен үшін үлкен мәртебе болмақ. Мен үшін ұайымдамақоздар жағдайы жақсы, денсаулығым мақтә, күн сайын шалазып, шаңдалып жүрмін. Барлығы үшін сіздерге рәсім, сіздердің тәрбиелеріңіз бен қолдауларыңыз маған үлкен күш береді. Сіздерді қатты сәзғандім. Ғарғандасым, інілерім, барша туған түсқа сәлем айтаңыздар. Әскери АНТ-та кездескенше. Үзгі ниетпен ұлдарыңыз Сұлтан Саят.



САРБАЗ СЫР ШЕРТЕДІ

БІЗ САШАҒА ОРАЛАМЫЗ...

Көктемнің шуақты күндерінің бірі. Еліміздің түкпір-түкпірінен жастарды әскер қатарына шақыру науқаны қызған шақ. Солардың алғашқы легі ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментіне қарасты Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының Ақжардағы техникалық және кәсіби-даярлық бөліміне келіп жеткен. Осынау көңіл толқытарлық маңызды сәтті назарымыздан тыс қалдырмауды шешкен біз де аталған бөлімнен табылдық.



Күтіп алу, әрі қарай бірден шекара басқармасының медициналық лазареті. Мұнда ақ желеңділер бекітілген тәртіпке сайкес, «Көктем-2026» шақырылымының сарбаздарын медициналық тексеруден жіті өткізуде. Міне, біз Александрмен осы жерде кездестік. «Кездестік» дегеніміз сәл артықтау... Сарбазды бізге 3-ші бөлімше бастығы капитан Азат Алтайұлы таныстырған. Ерекше леппен. «Тілші ханым, бізде әскери мектепті бітірген кадет бар», деп. Сосын кезегі келіп, ішке кіріп бара жатқан жігітке қарап: «Саша, дәрігердің қабылдауынан шығысымен, тілші ханымды тауып ал. Сұхбат бересің», - деп қазақша бұйрық берді. Біз елең ете қалдық. Бізді офицердің «...кадет» дегені емес, Саша есімді жігітке таза қазақ тілінде сөйлегені елеңдетіп еді. Бір қызығы, көздері аспан түстес, орыстың сап-сары баласы да тосылған жоқ-тын. Менің ана тілімде: «Құп болады, капитан мырза!», - деді де көзден ғайып болған. Ал біз уақытты текке өткізбеу үшін сыртта тұрған жас сарбаздарға жақындадық...

... Біраздан кейін Саша да жеткен. Таныстық, Дуденко Александр Николаевич. Бақсақ, ол Семейдегі дарынды балаларға арналған Ш.Уәлиханов атындағы «Жас ұлан» арнайы ерлер мектеп-лицейінің түлегі екен. Өзі осы өңірдегі Мұқыр деген ауылдан көрінеді. Ата-анасы Сашаны он екі жасында аталған мектепке алып барып, сыртынан көрсеткен көрінеді. «Шынымды айтсам, ең алдымен әскери формадағы балаларды көріп, көзім жайнап кетті. «Бітті, түсемін» дедім. Ал сол сәт мені қатты қызықтырған мектепке қабылдану оңай емес екенін ойлап жатпадым. Қашан құжаттарымды тапсырып болғанша, өзіме де, ата-анама да маза берген жоқпын...» дейді ол ағынан жарылып.

Осылайша, жеті жыл оқып, үздік бағаға бітірген мектептен кейін Сашаның таңдауы Ақтөбедегі ұшқыштарды даярлайтын дара жоғары оқу орнына түседі. Алайда, қоятын талабы қатал әскери институттың емтиханы жас жігіт үшін оңай шағылатын жаңғақ болмай шығады. Тек, бұл – алған бетінен қайтпайтын қайсар мінезді жас жігіттің тауын шаға алмаса керек...

2026 жылдың көктемін асыға тосқан Александр әскерге шақыру науқаны бастала салысымен, Шекара қызметінің сапына сұранады. Мақсат айқын – мерзімді қызметтен кейін берілетін мүмкіндікті пайдаланып, ҰҚК Шекара академиясына түсу үшін.

Иә, «армандаңыз, арманыңыз орындалады», деп жатады. Мұқыр ауылында туып, қазақтың қара домалақтарымен асыр салып ойнап өскен Сашаның түрі «орыс» деп тұрғаны болмаса, тілін қазақша сындырған бозбаланың қайсарлығына тәнті болдық. Сосын, әскери орта туралы сұрауды жөн деп санамадық. Қажеті не? Балалығының бал шақтарын әскери өмірге арнаған Александрдың мұндағы әскери өмірге де тез үйреніп кететініне шүбә жоқ. Өзінен алдағы уақытта жақсы сарбаз шығатына да сенім мол. Ең бастысы, шекарашылардың білім ұстаханасына түсу үшін қатардағы жауынгер А.Дуденконың небір ауыр сынақтың өткелегінен өтуіне тура келеді. Сәттілік!

Әскери журналист Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР». Суретті түсірген автор.



Суретті ЖИ арқылы жасаған қатардағы Д.ҚУАНЫШЕВ, «OS-ЧР».

OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті

Меншік иесі:

Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі

Редакцияның мекенжайы:

Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63.

Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38

Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57

Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56

E-mail: smi_pogran@mail.ru

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты:

gov.kz/memleket/entities/shekaraknb

Бас редактор: Рахат Нурғалиев

Редактор: Азамат Муханов

Жауапты хатшы: Еркін Кайбуллин

Компьютерлік безендіру және беттеуші:

Нұрхан Кабдулов

Корректорлар: Майра Касенова

Нөмірдің кезекші редакторлары:

Жанар Кемел, Айдос Кирғизбаев, Диас Жанұхамбетов

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы уақыт пен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді. Газетті есепке қою туралы № 1394-г куәлікті 2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық министрлігі келісім берген. "OS-ЧР" газеті ҚР ҰҚК ШҚ Әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.